

## **Д.Серікбаев атындағы ШҚТУ аттестаттауды (тестілеу) прокторингпен өтуге арналған нұсқаулық**

Емтихан басталар алдында «Мастер тест» тестілеу жүйесін қосу, <https://test.ektu.kz:20203/> сілтемесіне кіру.

### **Ережелер**

Прокторингпен емтиханды бастау үшін ережелермен танысу қажет.

Жүйе емтиханның нәтижесіне деген сенімділік деңгейін автоматты түрде орнатады, бұл төменде сипатталған факторларға байланысты. Емтихан барысында келесі нұсқауларды орындау сізге емтихан нәтижелеріне деген сенімділіктің максималды деңгейіне жетуге көмектеседі

- веб-камераны тура орнату, бет-әлпет толық көрінуі қажет, камераны бұрыштан орнатуға болмайды;
- бет-әлпет кадрға толық кіруі қажет, камераның көру аймағынан жартылай немесе толық кетуге жол берілмейді;
- бет-әлпет веб-камераның көру орталығының ортасында болуы керек;
- бет-әлпет тегіс жарықтандырылуы керек, жарық көзі камераға бағытталмауы немесе беттің тек жартысын ғана жарықтандырмауы керек;
- шаш, киім, қол немесе басқа заттар бет аймаған жаппауы керек;
- күннен қорғайтын көзілдірік киюге жол берілмейді;
- бөлмеде басқа адамдардың болмауы қажет;
- емтихан кезінде жұмыс орнынан кетуге тыйым салынады;
- егер емтихан үнсіз өтетін болса, фонда дауыстар мен шу болмауы керек;
- емтихан тапсыру браузерде жүргізілуі қажет, оның терезесі толық экранға шығарылуы керек, басқа қосымшаларға (оның ішінде басқа браузерлерге) ауысаға немесе браузерді кішірейтуге болмайды, басқа «вкладкаларды» (беттерді) ашуға болмайды;
- компьютерде браузерден басқа веб-камераны пайдаланатын бағдарламалар өшірілуі қажет;
- емтиханның материалдарын жазып басқа адамдарға беруге болмайды;
- дыбыстық, визуалды немесе кез-келген басқа техникалық жабдықтарды пайдалануға тиым салынады;
- жүйені немесе прокторды алдау әрекеті анықталған жағдайда емтихан нәтижелері жойылады.

Емтихан тапсыру барысында проктор бақылап отырады, егерде нұсқаулықта жазылған ережелерді бұзсаңыз сізге ескерту жіберіледі. Екінші рет ескертуден кейін проктор тестті аяқтайды, сіздің емтиханыңыз жойылады.


## 1. Техникалық талаптар

1 кесте — техникалық талаптар

Параметр	Талаптар
Дербес компьютер немесе ноутбук	32-разрядный (x86) или 64-разрядный (x64) процессор* с тактовой частотой 1 ГГц или выше. 2 ГБ (для 32-разрядного процессора) или 4 ГБ (для 64-разрядного процессора) ОЗУ. 20 ГБ (для 32-разрядной системы) или 40 ГБ (для 64-разрядной системы) свободного места на жестком диске. Графическое устройство DirectX 9 с драйвером WDDM 1.0 или более поздней версии.
Веб-браузер	Chrome 72, Firefox 66
Операциялық жүйе	Windows 7, macOS 10.12 "Sierra", Linux
Веб-камера	640x480, 15 кадров/с
Микрофон	Кез келген
Динамики (колонкалар)	опционально (для связи с проктором)
Сеть (интернет)	2 МБит/с


## 2. Экзамен

Тестілеудің бастапқы терезесі ашылады «Орыс» немесе «Қазақ» тілін таңдаңыз (1 сурет).




1 сурет – Емтиханды тапсыру тілі

Тапсыру тілін таңдағаннан кейін тестілеудің ережелерімен танысасыз (2 сурет).




2 сурет – Тесттің ережелерімен таныстыру терезесі

Міндетті түрде өзіңіздің логин мен пароліңізді енгізесіз (3 сурет).



3 сурет- Жүйеге кіру терезесі

Тестілеудің түрі «Основное тестирование», одан кейін пәннің атын таңдаңыз (4 сурет).



4 сурет- Пәнді таңдау терезесі

Тестілеу барысында прокторинг жүйесі пайдаланылады, жұмыс орныңыз және қимылдарыңыз жазылып тұрады. Тестті өту үшін міндетті түрде Web-камера мен микрофон (микрофон камерада болуы мүмкін) пайдалану қажет.


Тестті бастау алдында, «Информация о тестовом задании» бетінде жүйе камераның қосылғанын тексереді. Егерде камера қосылмаса ескерту беріледі (5 сурет) және «Начать экзамен» кнопкасы басылмайды.

**Браузер не обнаружил ни одной камеры для трансляции видео**


5 сурет- браузерде Web камераның қосылуын тексеру

Егер камера қосылса, онда браузерде қосылуға рұқсат беру керек. Камера мен микрофонды әртүрлі браузерлерде қосу көрсетілген (6 сурет):

- **Google Chrome** камераның қосылуы




- **Firefox** камераның қосылуы




6 сурет – Камера мен микрофонды әртүрлі браузерлерде пайдалану

Тестілеу барысында сіздің жұмыс орныңыз және қимылдарыңыз жазылып тұрады. Әртүрлі браузерлерде сіздің жұмыс орныңыздың қосылу рұқсаты көрсетілген (берілген терезеде «*Весь экран*» таңдау керек, егер басқаны тандаса проктор тестілеу процессін бұзу деп санап емтиханды аяқтауы мүмкін):

- **Google Chrome** арналған



- **Firefox** арналған



7 сурет- «Рабочий стол» жазу рұқсаты


***Егерде қандайда бір құрылғыға рұқсат берілмесе – тестілеуді бастауға мүмкіндік болмайды.***

Тестілеу барысында сіздің жұмыс орныңыз және қимылдарыңыз университет серверіне жазылып тұрады. Жазылған деректер қайта қаралады: артық дыбыстың болуы, бөтен адамның көмектесуі, басқа қосымшалардың ашық болуы. Егерде емтихан барысында ереже бұзушылықтар болса, емтихан жойылады.

Сізге сұрақтың берілгені түсініксіз болса немесе дұрыс жауап жоқ деп санасаңыз, сіз электронды түрде апелляция бере аласыз. 3 сұраққа электронды апелляция бере аласыз.


Апелляция беру үшін, қате сұрақты ашып «Апелляция» кнопкасын басасыз (8 сурет). Пайда болған терезеде өз сөзіңізбен апелляция беру себебін жазасыз. Тестті аяқтағаннан кейін 1 тәулік ішінде апелляция комиссиямен қарастырылады. Егер апелляция қабылданса, емтиханда алған бағаңыз порталда өзгереді.

Емтихан тапсыру үшін оқытушы анықтамалық материалдар жүктесе, сіз «Справка» кнопкасын басып материалдарды қолдана аласыз.




8 сурет – Апелляция беру

Тестке кіріп барлық сұрақтарға жауап бергеннен кейін «Бағасы тексеру» кнопкасын басып, бағаңызды тексере аласыз (9 сурет). Бағаны бір рет тексере аласыз.




9 сурет – Бағаны тексеру



10 сурет – Алдын ала қарау

Бағаны тексергеннен кейін тестті қайтадан жалғастырып, жауаптарын өзгертуге болады. Өзгертіп болғаннан кейін «Тестті аяқтау» кнопкасын басып тестті аяқтайсыз.





11 сурет – Тестті аяқтау

***Жүйені алдауға тырыспаңыз, камерада Сіздің іс-қимылдарыңыз толық байқалады. Тестілеу сәтті өтсін.***

### **3. Емтиханды аяқтау**

Емтихан тапсырмаларын орындап біткеннен кейін, емтиханды аяқтаңыз. Емтиханды аяқтағаннан кейін, қайтадан бастауға болмайды. Егерде емтихан ережелерін бұзсаңыз проктордың тестті аяқтауға құқығы бар. Емтихан тапсыру тоқтатылады, оның нәтижесі жойылады. Және де емтиханға берілген уақыт аяқталғаннан кейін тест автоматты түрде жабылады.

Барлық аудио-, видео-, хабарламалар және де ережені бұзғаныңыз тіркелсе, ол жүйеде сақталып прокторинг хаттамасына жазылады. Біраз уақыттан кейін нәтижелер тексеріліп прокторинг бойынша қорытынды шығарылып ҚОЖ жіберіледі.